

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ТЕРРОРИСТІК БЕЛСЕНДІ АЙМАҚТАРДАН ОРАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҒАЛТУ: ТРАВМАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ТӘСІЛ

Жамалова Айгуль Абдиманаповна

lunnyflower@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дін психологиясы» мамандығының магистранты
Ғылыми жетекші-Шаповал Ю.

ҚР президентінің бастамасымен «Русафа» және 2023 жылы аяқталған «Жусан» операциялары арқылы Қазақстанға 526 балалар әкелінді, олардың жас шамасы туылған нәрестеден бастап 15-17 жасқа дейінгі балаларды құрайды, соның ішінде 32-сі тұл жетім [1,146]. Олардың кейбірі лаңкестік соғыстың ортасына ата-анасымен еріп келсе, ал кейбірі сол жерде жарық дүние емес, соғыс есігін ашты. Психикасы толық қалыптасып үлгермеген жас балалар қорқыныш пен үрейді, зұлымдық пен аштықты бастан кеше отырып, психологиялық және физиологиялық травманың құрбандары болды. Аталмыш травмалар адам өмірінде ізсіз өтпейтіні анық. Олар болашақта тек өзінің жеке басына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ортаға да кері әсерін тигізуі ықтимал. Сондықтан олардың жарақаттарына бейжәй қарамай, мұқият зер салуымыз өзекті мәселе болмақ.

Травма немесе жарақат ұғымы грек тілінен аударғанда «жара», «зақым», «зорлық-зомбылық нәтижесі» деген мағынаны береді. З.Фрейд травманы медицина саласынан психоанализ, кейінірек психологияда қолданылуының негізін қалады. Бейбіт өмірде суретін кез келген ересек не қарт адам болсын балалық шақта травманы бастан кешеді. Алайда террористік белсенді аймақтың ортасында жүрген балалардың бастан кешкен жарақатын сөзбен айтып жеткізу қиын.

Психикалық жарақатқа сипаттама берер болсақ - бұл адамның өзіне немесе жақын адамының өмірі мен әл-ауқатына төнген қауіптің жеке адамның мүмкіндіктерінен асып түсуі, адамның дәрменсіздік сезімі. Сондықтан ол жағдайды басқара алмайды, не оған тиімді жауап қайтара алмайды. Психотравманың ажырамас серіктері болып табылатын қорқыныш пен үрей психикаға жойқын әсер етеді [2]. Ал психикасы толық қалыптасып үлгермеген, террористік және жауынгерлік экстремистік топтарға алданған және эксплуатацияланған балалар бірнеше деңгейдегі зорлық-зомбылықтың құрбаны болады. Топқа қосылу кезінде олар зорлық - зомбылықтың қатыгез түрлерін бастан кешіреді, соның ішінде топқа қосудың айуандық тәсілдері, құлдыққа айналдыру, жыныстық қанау, үнемі қорқыту, идеологиялық өңдеу және психологиялық қысым. Балалар көбінесе шайқас кезінде жарақат алады немесе өледі. Сонымен бірге, олардың жасына және психологиялық икемділігіне байланысты мұндай балалар оларды жалдаған топтың қолында ерекше қауіпті құралға айналуы мүмкін және қылмыстық құқық бұзушылықтар, соның ішінде белгілі бір жағдайларда террористік актілер, әскери қылмыстар немесе адамзатқа қарсы қылмыстар жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бұл құбылыстың әртүрлі формаларына қарамастан, халықаралық құқыққа сәйкес балаларды террористік және жауынгерлік экстремистік топтардың жалдауы мен қанауы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың ауыр түрі ретінде қарастырылуы керек.

Мұндай балаларға қатысты зорлық - зомбылықтың сипаты мен ауырлығы әр жағдайда әртүрлі болуы мүмкін, бірақ ол балаларға да, жалпы қоғамға да қысқа және ұзақ мерзімді қауіп ретінде әсер етеді. Зорлық-зомбылықтың салдары жойқын болуы мүмкін. Ең алдымен, бұл ерте өлімге әкелуі мүмкін. Бірақ тірі қалған балалар да ауыр физикалық және эмоционалдық жарақаттармен күресуге мәжбүр. Шынында да, зорлық - зомбылық олардың денсаулығына ғана емес, сонымен қатар білім алу және мықты отбасылар мен қауымдастықтар құра алатын ересек адамдар болу қабілетіне де қауіп төндіреді. Сонымен қатар мұндай балалардың

топтарға қатысуы стигматизацияға алып келеді және олар қайтып оралғаннан, демобилизацияланғаннан немесе қамауға алынғаннан кейін қауымдастықтар, құқық қорғау органдары, қарулы күштер және басқа адамдар тарапынан оларға зорлық - зомбылық қолдану ықтималдығын арттырады [3,2]. Мысалы алты айдың ішінде Ирак және Шам ислам мемлекеті (ДАИШ) 254 жағдайда балаларды пайдалану арқылы қоғамды дүр сілкіндіріп, ұйымның озбырлығы мен қатыгездігін көрсетті. Олардың ішінде 38% балалардың өздері зорлық-зомбылықтың құрбаны мен орындаушылары болды [3,10-11]. Сондай-ақ ДАИШ 13 пен 17 жастағы балаларды ұрлап, барлық ер жігіттердің «джиһадқа» қатысу керектігін мәлімдеген. Даиш-тің балалармен айналысатын арнайы қанаты құрылып, ол «Фитян әл-Ислам» деп аталса, ал Әл-Каиданың Ирақтағы тобы «Жұмақ құстары» деп аталды. Соңғысы балаларды жауынгерлік іс-қимылдарға қатыстыру, шабуылдарды бейнетаспаға түсіру, өздігінен жарылғыш құрылғыларды қою және жанкешті мақсатында пайдалану үшін өз тобына тартқан [4, 10]. Мұнымен қоса ДАИШ-та ұлдар мен қыздарды пайдалану мақсаттары ерекшеленеді. Күшпен басып алған 5-10 жастағы ұл балаларды діни білім беру лагерлеріне жіберсе, 10-15 жастағы балаларды әскери дайындық лагерлеріне жіберіп, жатықтырған. Қыздар жас кезінде үйленуге мәжбүр болған [5].

Балалардың өзін-өзі жоққа шығару, яғни өз болмысынан бас тарту арқылы қиындықтарға (мысалы, әскери дайындықтан өту кезінде) адалдық танытумен тексеріледі. Тұтқынды өлтіру көбінесе адалдықтың соңғы сынағы болып табылады. Осының бәрін ескере отырып, біз бұл жағдайда балаларды әлеуметтендіру олардың "Құрбан болуының" ерекше түрі екенін түсінуіміз керек. Яғни, олар осындай агрессивті әсерге ұшырап, жәбірленуші мәртебесіне ие болады. Көптеген террористік топтар балалық шақта жеке тұлғаны іздеумен жүрген кезеңін пайдаланады. Ересек террористер оларға беделді, құрметті деп саналатын рөлдерді ұсынады – сарбаздар, батырлар, көшбасшылар, қорғаушылар. Бұл хабарламалар әсіресе өмірі қиын балаларға арналған. Балалар топтың құрметті мүшелері болуға және қару-жараққа ие болуға тырысады. Қыздарды жалдауға қатысты мәселе ерекше назар аударуға тұрарлық. Қыздар әртүрлі себептермен жұмысқа қабылданады. Олардың террористік ұйымдарда болуы бұл құрылымдарды болашақ жалдаушылар үшін тартымды етеді. "Халифат" әйелдер мен балалар бар қарапайым мемлекеттің белгісін алады. Нидерландының жалпы барлау және қауіпсіздік қызметінің мәліметі бойынша, қыздар қарулы әрекеттерге тікелей қатысуға тартылмаған, олардың аз ғана бөлігі қару-жарақпен жұмыс істеуге үйретілген болуы мүмкін. Олар бұл білімді халифатқа қауіп төнген кезде ғана қолдана алады. Бұл нұсқаулар ересек әйелдерге де қатысты. 2017 жылға дейін ДАИШ әйелдерге ұрысқа немесе басқа зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысуға рұқсат ететін бірде-бір ресми директива (пәтуа) шығарған жоқ делінеді. Алайда, бұл ақпарат БҰҰ Балалар Қорының (UNICEF) ақпаратына қайшы келеді, оған сәйкес өзін – өзі жарып жіберген балалардың төрттен үш бөлігі қыздар. Бірақ сөзсіз, егер қыздар "халифатта" аман қалып, үйлеріне оралса, олар өз қауымдастықтарында кемсітушілік пен қудалауға ұшырайды

Балаларды идеологиялық өңдеу өте ерте басталды. Оларда бұрынғы дүниетанымы қалыптасып үлгермегендіктен, дүниеге деген көзқарастарын бұзу немесе өзгерту қажеттілігі туындамағандықтан кез-келген идеология, тіпті экстремистік болсын оларға қалыпты деп түсіндіріледі. Балалардың көпшілігі жетілгеннен кейін бұл идеологияға адал болып қалады. Сонымен қатар, балалардың идеологиялық догмаларды жаттап алуы олардың мән-мағынасын жете түсінетіндігін білдірмейді. "Халифат" аумағындағы балаларды идеологияландыру өте оңай болды, өйткені оларды отбасыларының мүшелері немесе оларға қамқор адамдар қолдады және мақұлдады. Халифаттың балалары қатыгез жауынгерге айналады, өйткені олардың балалық шағы зорлық-зомбылық жағдайында өтті. Олар оған үйреніп қалған. Олар қатыгез жазалар мен жазаларды байқауға мәжбүр болды, содан кейін оларға өздері қатысты. Бұл әсіресе кәмелетке толмағандардың радикалдануына ықпал етті. Оқыту діни сипатта болды, оның мақсаты моджахедтердің жаңа буынын құру болды. Дегенмен, балаларды діни өңдеу оларды зорлық-зомбылық экстремизміне апаратын ең маңызды жол емес сияқты: әлеуметтік және психологиялық аспектілер маңыздырақ болып көрінеді. Олар алған психологиялық

жарақаттар да үлкен рөл атқарады. Балалар өлімнің бетін, жақындарының өлімін, жараланғанын және өлтірілгенін көрді. Бұл әсерлер депрессияға, жарақаттан кейінгі бұзылуларға, әртүрлі психоздарға әкеледі [6, 146-147 бет]. Мысалы 2019 жылдың қараша айында Асхат Ниязов пен Серік Қоңырбаевтің ҚР Сыртқы істер министрлігінің хатшыларымен және Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшімен Иракқа барған сапарында өмір бойы сотталған қазақстандық әйелдердің өз келісімдерімен берген 14 баланы, оның ішінде жетім балаларды Қазақстанға алып келді. Аналарының келісім берулерінің себебі жағдайдың тым нашарлығы, яғни бір әжетханасы бар камераға 40 әйел мен олардың балалары орналастырылып, күніне екі рет тек қана күріш пен сумен тамақтанған. Елімізге оралған азаматшаның айтуы бойынша анасы оған екі інісін табыстап, аздаған ақша мен алтындарын беріп, өзі қашып 500 метр әріректе өз-өзін жарған. Жарылыс кезіндегі сынықтар балаларға ұшып, кіші баласының аяқ-қолдарындағы саусақтарын кесіп кетсе, үлкен ұлының көзіне тиген. Тікелей соғысқа қасыпай, осындай жағдайлардың күәгері болып-ақ физиологиялық және психологиялық мүгедек болған, мерт болған балалардың саны қаншама [7].

Балаға ауыр стресс пен жарақаттануды жеңуге қолдау көрсету үшін психологиялық оңалту әдістерін қамту керек. Зерттеулер көрсеткендей жарақат депрессиядан бастап жарақаттан кейінгі стресстік бұзылу (ЖКСБ) мен агрессивті мінез-құлыққа дейін көрініс табуы мүмкін. Балалар, бірақ мұнымен қоса ересектер де өздерін зорлық-зомбылыққа қатынасы бар екенін саналы түрде түсіне бастаған кезде психикалық денсаулық проблемаларынан зардап шегуі мүмкін. Мысалы, балалар кейде отбасыларының және ДАИШ ұйымының зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысуға мәжбүр болды; Индианада туылған Саманта Әлхассанидің 10 жасар американдық содыр баласы АҚШ президенті Дональд Трампты пропагандалық бейнеролигінде қорқытуға мәжбүр болды. Бала тарапынан бұл іс-әрекетті өңдеп, ой елегінен өткізу оңалту процессінің маңызды компоненті болады. Себебі өткен өміріне қайта қарап, оны қабылдау арқылы, қателіктерін мойындаған кезде ДАИШ ұйымынан өзгеше құндылықты қалыптастыра алады. Сондықтан бұрын ДАИШ басқарған балаларды оңалту мен реинтеграциялау кезінде травма мен кінәлі сезімнің салдарын азайту үшін психологиялық қолдау көрсету маңызды. Травмалардың жүйелі терапиясы балалар үшін ДАИШ-те пайда болған жарақаттарды жүйелі түрде жоятын тиімді тәсіл болуы мүмкін. Қауіпсіздік теориясы бойынша ұзақ уақыт бойы қақтығыс аймақтарында өмір сүрген балалар қауіп-қатерге ұшырау қорқынышын агрессивті мінез-құлықпен басып, әлем туралы ойлаудың жаңа және жағымсыз тәсілдерін дамыта отырып эмоцияналды реактивті болуы ықтимал. [8, 27-бет]

ЖКСБ (жарақаттан кейінгі стресстік бұзылу) дегеніміз ол адамның тәжірибесінен тыс травматикалық оқиғаға психиканың реакциясы. Оның баладағы белгілері:

- өткен өмірінің көріністерін түсінде қайта бастан кешіру;
- мағынасыз қорқынышты түсті көру;
- өткен жағымсыз оқиғаларды иллюзия, галлюцинация және диссоциативті флэш-бек-эпизодтар түрінде қайта көру;
- травмамен байланысты мейлінше барлық стимулдардан қашу (ой, сезім, әңгіме, оқиға орны, адамдар)
- травманың маңызды аспектілерін еске түсіре алмау;
- маңызды әрекеттерге суық қандылық таныту, қызықпау;
- аффективті спектордың тарылуы (мысалы: ғашық бола алмау, жақсы көре алмау)
- перспективалардың жоқтығын сезу (карьеря, отбасы немесе қалыпты өмірді құра алмау сезімі) [9, 87-бет]

Жоғарыдағы аталған белгілердің көрініс табу кезеңінің үш түрі бар:

1. өткір, үш айға дейінгі мерзімде дамиды;
2. созылмалы, ұзақтығы үш айдан асады;

3. кешіктірілген, жарақат алғаннан кейін алты және одан да көп айдан кейін бұзылу пайда болған кезде.

ЖКСБ-ның созылмалы белгілері бастан кешкен қатты травма нәтижесінде орын алып, адамда өмір бойы жалғасады. Мұндай жарақат адамның жан дүниесінде өшпес із қалдыруға және оның толықтай жеке басының патологиялық өзгеруіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде жарақаттан кейінгі тұлғалық бұзылуға (ЖКТБ) (PTPD-posttraumatic personality disorder) алып келеді. ЖКТБ белгілері:

- адамның өзі мен айналасын қабылдауда, ойлауында, көзқарасында айқын өзгерістердің пайда болуы;
- төтенше жағдайға тап болған кезде немесе оған дейін айналасындағыларға тұрақты дұшпандық немесе сенімсіздік таныту;
- қандайда бір психикалық және аффективті бұзылулармен шартталмаған әлеуметтік оқшаулану (бірге тұратын туыскандардан басқа адамдардан аулақ болу);
- басқаларға тәуелділіктің жоғарылауынан, жағымсыз немесе агрессивті эмоцияларды білдіре алмауынан туындауы мүмкін қуыс кеуде немесе үмітсіздіктің тұрақты сезімі;
- бейбіт жағдайда жоғары қырағылық пен ашуланшақтық түрінде көрініс табатын тұрақты нервоздылық пен қауіп сезімі; созылмалы ішкі шиеленіс пен қауіп сезімі біріккенде зиянды заттарды қолдануға итермелеу мүмкін;
- өзін өзгелерден төмен санап, эмоционалды тұйықталу;
- анамнезінде дамуға және психопатологиясына қатысты ауытқу болмаса да, экстремалды жағдайдан соң тұлғалық өзгерістің болуы;
- тұлғаның өзгеруі кем дегенде екі жылға созылады, олар басқа психикалық аурулардың эпизодарымен байланысты емес (ЖКСБ қоспағанда) және мидың органикалық зақымдануымен түсіндірілмейді [10, 34-бет].

Балалық шақтағы ЖКСБ диагностикалау өте күрделі және практикалық міндет болып табылады, өйткені әдебиеттерде ұсынылған әдістердің көпшілігі соғыс жағдайларында болған ересектерге арнап әзірленіп, сынақтан өткізілген. Сонымен қатар практикалық жұмыстың қажеттіліктері балалар жасына бейімделген әдістерді әзірлеуді және сынақтан өткізуді талап етеді. Эксперименттік зерттеу барысында екі жүз қатысушыдан тұратын массивте травматикалық реакцияларды бағалаудың Миссисипи шкаласының балаларға арналған нұсқасы сыналып, стандартталды.

Балалардағы ЖКСБ диагностикасы үшін екі қосымша әдіс бар: балалардың травмалық тәжірибесін бағалауға арналған жартылай құрылымды сұхбат және балалардың травмалық тәжірибесін бағалауға арналған ата-аналық сауалнама. Сұрақ скринингтік бөлімді және 42 сұрақтан тұратын жинақты қамтиды.

Ата-аналарға арналған сауалнама балалардағы стресстік реакцияларды зерттеуге арналған сауалнама негізінде жасалады (Child Stress Reaction Checklist- National Center for PTSD, Boston VAMC; Boston University School of Medicine (Shriners Burn Institute) Harvard Medical School; National Center for PTSD, White River Junction, VM). Сауалнама ата-аналарға өздері толтыру үшін ұсынылады, сондықтан қажетті нұсқауларды қамтиды. Зерттеуді бастамас бұрын ата-аналармен түсіндірме әңгіме жүргізіледі, оның негізгі мақсаты ата-аналарды жауап беруге және сауалнаманы дәл толтыруға ынталандыру болып табылады.

Әрі қарай әр ата-анаға сауалнама толтыру тәртібі азылған нұсқаулық, сауалнаманың өзі, сұрақтар туындаған кезде хабарласуға болатын телефон нөмерлері жазылған карточкалар беріледі.

Тестер мен бланкілік әдістемелер жиынтығын қамтитын интернет-ресурстарға, оның ішінде онлайн режимінде сілтемелер бар:

http://www.psyserver.narod.ru/comp_test_01.html

<http://azaps.ru/tests/>

<http://www.angelfire.com/nf/absurd/tests.html>

<http://webhost.kemtel.ru/~psynet/Test/Test.html>
<http://psychology.net.ru/tests/>
<http://psy.agava.ru> [11, 57-бет]

Пайдаланган әдебиеттер:

1. Repatriation and reintegration children affected by conflict in Syria and Iraq to Central Asia, A Compendium of Promising Practices from Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan, UNICEF, March 2023
2. Ялом И. Экзистенциальная психотерапия/ Пер. С англ Т.С.Драбкиной. –М.:Класс, 2000.
3. Пособие по работе с детьми завербованными и эксплуатируемыми террористическими и воинствующими экстремистскими группами: Роль системы правосудия, ООН Вена, 2019год
4. Доклад Генерального секретаря о детях и вооруженном конфликте в Ираке, ООН, Совет Безопасности S/2015/852
5. Bentoman, and Malik, “The Children of Islamic State,” *Quilliam*, (2016), <https://www.quilliaminternational.com/shop/e-publications/the-children-of-islamic-state/>.
6. Новикова О.Н. ДЕТИ ХАЛИФАТА, DOI: 10.31249/rsm/2019.02.10
7. <https://khabar.kz/ru/news/item/117547-iz-iraka-evakuirovali-14-kazakhstanskikh-detej>
8. THE ISIS FILES, Rehabilitating Children of ISIS: Extracting Recommendations from the Education-Related ISIS Files, Sara Zeiger and etc. Hedaya, The George Washington University, April 2021
9. Волошин В.М. Клиническая типология посттравматических стрессовых расстройств и вопросы дифференцированной психофармакотерапии // Психиатрия и психофармакотерапия №4. Т. 3. 2001.
10. Волошин В.М. Посттравматическое стрессовое расстройство (феноменология, клиника, систематика, динамика и современные подходы к психофармакотерапии) М.: Анахарисис, 2005.
11. Мищенко Л.В. Психическая травма (практическое пособие) Москва, Юрайт, 2023.

УДК 21.21.21

АНАЛИЗ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПОРТРЕТА ПРЕДСТАВИТЕЛЯ РАДИКАЛЬНОГО РЕЛИГИОЗНОГО ДВИЖЕНИЯ: ПОНИМАНИЕ МОТИВАЦИЙ, ИДЕНТИФИКАЦИЯ КЛЮЧЕВЫХ ЧЕРТ ЛИЧНОСТИ И ВЛИЯНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО КОНТЕКСТА

Каримов Алишер Ермекович
alisherkarimov11.21.04@gmail.com
студент 2 курса кафедры религиоведения
ЕНУ им. Л. Н. Гумилёва, Астана, Казахстан.
Научный руководитель – Аймухамбетов. Т. Т.

Введение:

Религиозные движения играют значимую роль в обществе, предоставляя людям связь с высшими силами и поддержку в их жизненных устремлениях. Однако, существуют случаи, когда религиозные движения принимают радикальные формы и проявляются в насилии и экстремистских акциях. Цель данного доклада - проанализировать психологический портрет представителя радикального религиозного движения, понять их мотивации, определить ключевые черты личности и оценить влияние социокультурного контекста на формирование такой идеологии.